«Бекітемін»
Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектеп жанындағы интернат
директор _____ Д.Б.Бакаев

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернаттың 2024-2025 оқу жылы бойынша өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрлері	Өткізілу түрі Аяқталу нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1	Мектептегі тәртіпті қадағалау Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру Саналы,патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлес қосу Өзіне қойылған міндеттерді орындау	үнемі	Ага вожатый	Қыркүйек
2	***I отырыс*** ***Күн тәртібінде:*** . 1.Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын бекіту; 2.Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын таныстыру	Жиналыс хаттама	Ага вожатый	Қыркүйек
3	***II отырыс*** ***Күн тәртібінде:*** 1 Дублер күнін ұйымдастыру 2. 1 қазан карттар күніне дайындалу 3 Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	Ага вожатый	Қыркүйек
4	***III отырыс*** ***Күн тәртібінде:*** 1.1 қазан қыздар күнін ұйымдастыру	Жиналыс хаттама	Ага вожатый	Қазан

Сканировано с CamScanner

	2.Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары 3.Ағымдағы мәселелер			
5	«Мектеп Президенті» сайлау Әлеуметтік желіге салу	Анықтама хаттама	Ага вожатый	Қараша
	IV отырыс: ***Күн тәртібінде:*** 1.Қоғамдық шаралардың өткізілу барысы 2.Өзін өзі басқару ұйымының жарты жылдық есебі 3.Ағымдағы мәселелер	Жиналыс Хаттама	Мектеп президенті Фракция мүшелері	Желтоқсан
6	***V отырыс:*** ***Күн тәртібінде:*** 1.22 наурыз мерекесін ұйымдастыру шаралары 2.Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстары 3. Сенбілікке шығу	Жиналыс Хаттама	Мектеп президенті Фракция мүшелері	Наурыз
7	***VI отырыс:*** ***Күн тәртібінде:*** маусым балалар күнін ұйымдастыру шаралары 2. «Бала еңбегін қанауға жол жоқ» науқанын өткізу дайындығы 3.Жазғы қауіпсіздік шаралары 4. Өзін өзі басқару ұйымының жылдық есебі	Жиналыс хаттама	Мектеп президенті Фракция мүшелері	Мамыр

Ага вожатый: Т.Н.Махаева

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (Ресурстық орталық) жанындағы интернат

Өзін-өзі басқару ұйымының 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмысына талдау есебі

2024-2025 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп жанындағы интернаттың өзін-өзі басқару ұйымының 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмысына талдау есебі

Негізгі мақсаты:

Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестіккеқабілетті, білім мен өнерге, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетте, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру.

Мектеп оқушыларының өзін –өзі басқару үйымының негізі ретінде президенттік басқару жүйесі қалыптасқан.Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін-өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру мақсатында мектеп президентін сайлау өткізілді.Мектеп президентіне үміткер 10 оқушы болды.Сайлау қорытындысы бойынша 10А» сынып оқушысы Көмек Әмірхан мектеп президенті болып сайланды. Мектеп президенті сайлау нәтижесінен соң мектеп министрлерінің отырыс өткізілді. Отырыс барысында мектеп президенті Көмек Әмірхан оқушылармен өткізілетін жұмыстардың 2024-2025 оқу жылы бойынша өзін- өзі басқару ұйымының жылдық жоспарымен таныстырды. Білім министрі 8 «Б» сынып оқушысы А.Нұрғазы, Тәрбие министрі 8 «Б» сынып оқушысы Ермекова Ж. Мәдениет министрі 8 «А» сынып оқушысы Н.Алтаева, Спорт министрі 8 «Б» сынып оқушысы Е.Саматов, Еңбек министрі 8 «Б» сынып оқушысы Ж.Қатар, Ғылым министрі А.Олжабай, Экология министрі А.Бітімова, Ақпарат министрі 10«А» сынып оқушысы Н.Талғат. Әрбір өткізілген іс-шараларға барынша оқушыларды көбірек тартуды қамтамасыз етуге тырыстық.

Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар:

2024 жылдың қыркүйек айында мектеп Парламентінің отырысы өтті.Отырысты мектеп Президенті Көмек Әмірхан парламент мүшелерімен жоспарды талқылап, өз көмекшілеріне тапсырмалар берді.Әр апта сайын жүйелі түрде отырыстар өткізілетінін мәлім етті.

Сканировано с CamScanner

«Денсаулық күні» мектеп ұстаздары мен оқушылары сапқа тұрғызылып, мектеп директоры Д.Б.Бакаев спорттық іс-шараларға қатысушыларды құттықтап, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстауға, жеке бас гигиенасын сақтауға, дене шынықтырумен спортпен шұғылдануға мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге шақырды.Әр бір азамат спортпен айналысып, әр түрлі спорт секцияларына қатысып, еліміздің дені сау, рухы биік азаматы болып өсулеріне тілектес екенін білдірді.Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері: Ермекбаев Н, Абаканов Д.Шайзадаев Д,Болкенбаев А, Амангелді Б жарыстың өткізу ережесімен таныстырды. «Денсаулық күні» оқушылардың спорттық жаттығуларымен басталды. Қарттар айлығының аясында "Қарттар-асыл қазына" атты тақырыппен Еңбек министрі 8 сынып оқушыларымен бірге қарттарға көмекке барды.Мақсаты: Жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу.Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан-жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда.Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз.саналы ғұмырларын отан деп, тынымсыз еңбектермен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің еңбегі ерекше.олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.Қарттар-біздің асыл қазынамыз. Ұстаздар күніне байланысты «Ұстаз ұлы тұлға» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып, оқушылар мен мектептің өзін-өзі басқару ұйымы «Дублер күнін» ұйымдастырды.Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.Ұстаз енбегін әрқашан бағалай білуге үйрету. 11 қазан Халықаралық қыздар күні болды.Қыз балалар арасында қыздар жиналысы өтті.Сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Республика күніне оқушылармен сап түзеу өткізілді.Мектебімізде «Қош келдің Жаңа жыл-2025!»атты жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы өтті.Іс-шараның шымылдығын бастауыш сыныптары білім алушылары ашып, бүлдіршіндерді қуантатын кейіпкерлер ортада рөлдерді сомдады.Аяз ата дорбасынан сыйлық тәттілерін алып, мерекелік жақсы

Сканировано с CamScanner

көңіл –күймен аяқталды. Мектеп оқушылары әр түрлі тақырыптарда челлендждерге қатысты. Қаңтар айында ұйым мүшелері оқушылардың мектеп формасы, оқу құралдарын, күнделік тазалығы, дәптер сырттарының қапталуын үнемі тексеріп отырды.Қазіргі таңда да жоспарға сай уақытымен қадағаланып отырады.

Ақпан айында 5-8 сынып оқушылары арасында «Қыс келбеті» атты тақырыпта суреттер көрмесі ұйымдастырылды.Нәтижесінде үздік деп танылған суреттер марапатталды.

Сканировано с CamScanner